



БЕКІТЕМІН
«ОКМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
«18» 03 2025 ж.

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 466-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		екінші

Шымкент қ.

ONTUSTIK-KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 2 беті

1. **«ОҚМА» АҚ Оқу-әдістемелік орталығы ӘЗРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

«24» 02 2025 хаттама № 7

2. **«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.**

«28» 03 2025 хаттама № 4

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1.	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
2.	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
3.	НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	5
4.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	9
5.	ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ.....	10
6.	ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	11
7.	ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІ.....	12
8.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	16
9.	ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ.....	16
	ҚОСЫМША А.....	20
	ҚОСЫМША Б.....	21

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережеде мынадай нормативтік құжаттардың талаптары ескере отырып әзірленді:

1.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007ж. №319-III.

1.2 ҚР БҒМ «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

1.3 ҚР БҒМ «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2011.04.20 №152 бұйрығы;

1.4 ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы.

1.5 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

1.6. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы

1.7 «Мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысуға жіберу» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы

-ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016	Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024	Ішкі нормативті құжаттарды басқару;
- СТ 003-2024	Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024	Персоналды басқару стандарты;
- СТ 012-2025	Профессор-оқытушылар құрамының, әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
-СТ 023-2024	Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 5 беті

2 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылады:

АҚ	Акционерлік қоғам
ӘК	Әдістемелік Кеңес
ББ АҚ	Білім беру бағдарламасының Академиялық комитеті
БББ	Бірлескен білім беру бағдарламасы
БӨЖ (БӨЖ, МӨЖ, РӨЖ, ДӨЖ)	Білім алушының өзіндік жұмысы (білім алушының, магистранттың, резиденттің, докторанттың өзіндік жұмысы)
ЕДБ	Екі дипломды бағдарлама
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері
ЖК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
КС	Кәсіби стандарт
ҚР ҒжЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
МББ	Модульдік білім беру бағдарламасы
МК	Міндетті компонент
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
НҚ	Негізгі құзыреттер
ОКТ	Оқытудың кредиттік технологиясы
ОН	Оқыту нәтижесі
ОҚМА	Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы
ОБӨЖ (ОБӨЖ, ОМӨЖ, ТРӨЖ, ОДӨЖ)	Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (білім алушының, магистранттың, резиденттің, докторанттың оқытушымен немесе тәлімгермен өзіндік жұмысы)
ОӘО	Оқу-әдістемелік орталық
ТК	Таңдау компоненті
ЭПК	Элективті пәндер каталогы

3 НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ережеде келесідей негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

Академиялық еркіндік - білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		Е 466-2025 2-ші басылым 21 беттің 6 беті

дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Академиялық кезең (Term) (терм) - семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

Академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

Академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Белсенді үлестірмелі материалдар (BYM) (Hand-outs) - білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).

Білім алушылардың оқудағы жетістігі - білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) - тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 7 беті

Білім алушының академиялық рейтингі (Rating) (ретинг) - аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ) - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады.

Екі дипломдық білім беру - қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.

Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) - студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.

Жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

Кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады).

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

Модуль - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгертін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері.

Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 8 беті

Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі (А қосымшасы).

Оқу пәніне жазу (Enrollment) - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

Оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ) – ЖЖОКБҰ немесе оқытушы анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізіледі; білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі – ОДӨЖ) болып бөлінеді.

Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

Транскрипт (Transcript) (транскрипт) - кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

Тьютор - студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

Эдвайзер (Advisor) - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 9 беті

(жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

Элективті пәндер - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы осы Ереже "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" АҚ (бұдан әрі - "ОҚМА" АҚ) сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) ішкі нормативтік құжаты болып табылады және даярлау, өткізу және құжаттау талаптары мен тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

4.2 Осы Ереже бойынша барлық жұмыстарды Академиялық жұмыс жөніндегі проректор бақылайды. Ереженің талаптарын жұмыс жағдайында ұстауға Оқу-әдістемелік орталық (бұдан әрі - ОӘО) жауапты болады.

4.3 Осы құжат "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа тараптарға, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) "ОҚМА" АҚ бірінші басшысының рұқсатымен ұсынуға жатпайды.

4.4 Бұл Ереже жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде Оқытудың кредиттік технологиясы (бұдан әрі - ОКТ) бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін регламенттейді.

4.5 Ұлттық білім беру оқу бағдарламаларын халықаралық тану, академияның білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында "ОҚМА" АҚ оқытудың бірыңғай кредиттік технологиясы іске асырылады.

4.6 Оқытудың кредиттік технологиясы білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім беру траекториясын таңдау және дербес жоспарлау негізінде жүзеге асырылады. Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есепке алу кредиттерде өлшенетін оқытылатын материалдың көлемі бойынша жүзеге асырылады. Оқытудың кредиттік технологиясы жинақтаушы болып табылады, бұл білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын игерілген кредиттердің өсіп келе жатқан есебін білдіреді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 10 беті

4.7 Білім беру бағдарламаларының мазмұны тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен, КС-пен белгіленеді және оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы іске асырылады.

5 ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

ОКТ бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- білім көлемін біріздендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту;
- білім алушының оқудағы жетістіктерін оларды тиімді әрі ашық бақылау рәсімдері негізінде анықтау болып табылады.

ОКТ мыналарды қамтиды:

-білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;

-ӘАОО-ны қоспағанда, білім алушылардың ЖОЖ қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ететін, ЭПК-ге енгізілген пәндерді және (немесе) модульдерді таңдау еркіндігі;

- ӘАОО-ны қоспағанда, ЖЖОКБҰ-лар үшін пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдау еркіндігі;

- оқу процесіне білім алушылардың білім траекториясын таңдауына ықпал ететін эдвайзерлерді тарту;

- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;

- білім беру бағдарламасын игеруде білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыру;

- факультеттің (институттың) және кафедралардың оқу процесін ұйымдастырудағы, ЖЖОКБҰ-ға арналған білім беру бағдарламаларын қалыптастырудағы академиялық еркіндігі;

- оқу процесін ұйымдастыруда оқытушылардың академиялық еркіндігі;

- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;

- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		Е 466-2025 2-ші басылым 21 беттің 11 беті

ОКТ білім алушының оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың жеке білім траекториясын таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде жүзеге асырылады..

6 ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жоспарлары екі түрде әзірленеді:

- жеке оқу жоспарлары (бұдан әрі - ЖОЖ);
- оқу жұмыс жоспарлары (бұдан әрі - ОЖЖ).

Әр ББ бойынша элективті пәндердің каталогын (бұдан әрі - ЭПК) әзірлейді.

ЭПК білім алушыларды жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ әзірлейді.

ЖОЖ әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын бөлек анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компоненттің (МК), ЖОО компонентінің (ЖК) және таңдау компонентінің (ТК) пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практика, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестаттау нысандары) кіреді.

Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған мерзіммен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы:

-қол жеткізілген оқу нәтижелеріне, алдыңғы білім деңгейінде игерілген пререквизиттерге байланысты өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастырады, оларды ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептейді және оның транскриптіне енгізеді;

-ЖЖОКБҰ қолданыстағы білім беру бағдарламасының негізінде дербес анықтайтын жеке оқу мерзімін және білім беру бағдарламасының көлемін иеленеді.

ЭПК, ЖОЖ, ОЖЖ жасау мен бекіту нысанын, тәртібін Ғылыми кеңес бекітеді.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әр оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің тұтас санын құрайды. Бұл ретте, 5 академиялық кредиттен кем емес көлеммен анықталады.

Пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға рұқсат етіледі.

-дене шынықтыруды, тілдер пәндерін қоспағанда, әр оқу пәні қайталанбайтын бір атаудан құралады;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 12 беті

- оқу пәндерінің мазмұны үлгілік оқу жоспарларымен және (немесе) жұмыс оқу бағдарламаларымен (силлабустармен) анықталады;

- үлгілік оқу бағдарламалары (бұдан әрі - ҮОБ) бакалавриатта ЖБП циклының міндетті компонентінің пәндері бойынша Заңның 5-2) тармақшасына сәйкес 5 бабының әзірленеді;

- ОЖЖ білім алушылардың ҮОЖ және ЖОЖ негізінде әзірленеді;

- оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабустарды) білім беру бағдарламасының барлық пәндері бойынша ЖЖОКБҰ дербес әзірлейді;

- бір модульдің көлемін білім беру ұйымы дербес анықтайды және екі және одан да көп оқу пәндерінен немесе бір және одан да көп пәндердің оқу жұмысының басқа түрлерімен үйлесімінен тұрады;

- кәсіптік практикалар, қорытынды аттестаттау, магистрлік/докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне қосылады. Бұл ретте кәсіптік практиканың әрбір түрі түрлі модульдерге жатқызылуы мүмкін.

7 ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІ

Бір оқу жылы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, ол "Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы" АҚ (бұдан әрі - "ОҚМА"АҚ) Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Академиялық күнтізбеде оқу жылы ішіндегі оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізудің кезеңдері, демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрініс табады.

Әр академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

Каникулдар білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде 2 рет беріледі, демалыстың жалпы ұзақтығы, бітіруші курсты қоспағанда, кемінде 7 аптаны құрауы тиіс.

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады.

Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практикалар болып табылады.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде академиялық кезеңнен бөлек, сондай-ақ академиялық кезеңмен қатар кәсіптік практиканы енгізуге рұқсат етіледі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		Е 466-2025 2-ші басылым 21 беттің 13 беті

Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең апта ішінде (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) практикадағы студенттің нормативтік жұмыс уақытына қарай аптамен анықталады.

Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді менгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

Бір қазақстандық академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) ECTS-тің 1 кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа (ОБӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмыс (ОБӨЖ - БӨЖ).

БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасын және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша БӨЖ-ні ЖЖОКБҰ дербес анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде отыз пайызын құрайды.

Қашықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді оқу кезінде жаппай ашық онлайн курстарды қолдану арқылы игеру көзделетін пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

Онлайн-оқыту кезінде синхронды сабақтардың арақатынасы, жаппай ашық онлайн курстарды қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде жиырма пайызын құрайды.

Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау бірыңғай кредиттер көлемімен жүзеге асырылады, яғни әр пән бойынша кредиттердің

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 14 беті

жалпы саны оны оқытудан, сондай-ақ осы пән бойынша дайындықтан және аралық аттестаттау нысанынан өтуден құралады.

Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады. Егер пәннің ұзақтығы екі және одан көп академиялық кезеңнен тұрса, әр академиялық кезең аяқталған соң емтихан түріде аралық бақылау өткізіледі.

Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттарда және/немесе кредиттерде жүзеге асырылады. Бұл ретте аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген норма негізінде есептеледі.

Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме "ОҚМА" АҚ ҒК белгілеген уақыт нормалары негізінде есептеледі.

Академиялық лектер мен топтар осы пәнге және осы оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны және олардың рентабельділігінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізу принципі бойынша қалыптасады.

Академиялық ағынның, топтың толықтығын "ОҚМА" АҚ ҒК бекітеді.

Білім алушылардың оқу пәндеріне (Enrollment) жазылуын Регистратор офисі ұйымдастырады. Бұл ретте студенттермен ұйымдастыру-әдістемелік және консультация беру жұмыстарын жүргізу үшін білім алушыларды қолдау қызметі мен эдвайзерлер тартылады.

Білім алушы жеке оқу траекториясын анықтау кезінде ЖОО компоненті және таңдау компоненті шеңберінде:

- негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;
- қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдайды.

Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі аралас және бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалатын пәндердің көлемін "ОҚМА" АҚ ҒК айқындайды және бекітеді. Бұл ретте, қосымша ББ пәндерін білім алушылар ЖК және ТК пәндері шеңберінде зерделейді және олардың көлемі негізгі ББ бойынша тиісті дәрежені немесе біліктілікті беруге қажетті академиялық кредиттердің жалпы көлеміне кіреді.

Оқу пәндеріне жазылу процесінде білім алушы өзінің ЖОЖ қалыптастырады. Бұл ретте олар:

- оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен танысады;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 15 беті

- оқу пәндеріне тіркеудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтайды;

- игерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "А"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.

"FX" белгісіне сәйкес келетін "қаанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қаанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Білім беру бағдарламасын іске асыру сапасын арттыру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу және қорытынды бақылау процестері бөлінеді.

Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауын Тіркеу офисі ұйымдастырады.

Тіркеу офисі осы Ережедегі А қосымшасына сәйкес білім алушылардың топтарында өтпелі деңгейден жоғары абсолютті бағалардың нақты пайыздық бөлінуін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізеді және оларды талдайды.

Білім алушыға оқу пәндері (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша, сондай-ақ ББ зерделеу аяқталған соң академиялық кредиттер беру олардың қол жеткізген оқу нәтижелері оң бағаланған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушылардың алдыңғы оқу деңгейлерінде және басқа да ресми және бейресми білім беру ұйымдарында алған қол жеткізілген оқу нәтижелері мен оң бағалары "ОҚМА" АҚ академиялық кредиттерді өз бетінше қайта есептеуімен танылады.

Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады.

Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады және "ОҚМА" АҚ дербес қайта оқиды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 16 беті

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді зерделейді.

Бұл ретте білім беру ұйымдарының арасында екіжақты шарт жасалады.

Басқа білім беру ұйымдарында алуан түрлі білім беру тәжірибелерінен пайда алу мақсатында "ұтқырлық терезелерінен" білім алушының басқа ЖЖОКБҰ-да игеретін уақытша шектеулері, оқу пәндері мен кредит көлемдері анықталады.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру тәртібін, білім алушыларды іріктеуді «ОҚМА» АҚ дербес жүзеге асырады.

Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысуға жіберу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 (Нормативтік құқықтық бұйрығымен актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5499 болып тіркелген) бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидалары аясында жүзеге асырылады.

Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы қарастырған деңгейде шетел тілін білуі тиіс.

Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе болған елдегі оның баламасы болып табылады.

Транскриптке оқыту бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны енгізіледі.

Білім алушы академиялық ұтқырлық шеңберінде толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқыту нәтижелерін «ОҚМА» АҚ міндетті тәртіпте қайта есептейді.

9 ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ МЕН ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

Екі диплом бағдарламалары - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және бағдарламаның мақсаты мен мазмұнын

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 17 беті

анықтау, дәреже беру немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша тараптардың ортақ міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

Екі дипломдық білім беру бағдарламалары екі әріптес ЖЖОКБҰ арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте, екі дипломдық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

- келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту;
- екі дипломдық білім беруге қосылған білім алушының білім беру бағдарламасының бөлігін әріптес ЖЖОКБҰ игеруі;
- сапаны қамтамасыз етудің уағдаластықтары, жалпы принциптері мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта санау;
- оқытушылардың екі дипломдық бағдарламаға тартылуы, білім беру бағдарламаларын бірігіп әзірлеуі, оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысуы;
- екі дипломдық білім беру бағдарламасын толық игерген білім алушыларға әрбір әріптес ЖЖОКБҰ дәрежесі не уағдаластықтар негізінде бір біріккен дәреже беріледі.

Білім алушыны екі дипломдық білім беру бағдарламасына қосу оның өтініші негізінде және әріптес ЖЖОКБҰ-мен жасалған келісімге (шартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылар әріптес ЖЖОКБҰ-ға қабылдау рәсімдерінен өтеді.

Екі дипломдық білім беру бағдарламасына қосылған шетелдік білім алушылар "қосылған білім" ерекше белгісімен және оқыту кезеңін, мерзімін, пәндердің санын және игерілген кредиттердің көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімінен өтеді.

Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредит және сағат түрінде), семестрлер, игерілетін әріптес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары бойынша бөлуді, қайта есептеу тәртібін қамтиды.

Екі дипломдық білімнің білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және әріптес ЖЖОКБҰ талаптарын ескереді. Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар білім алушы практиканың барлық түрлерін және қорытынды аттестаттауды толық көлемде өтеді. Екі дипломдық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде қашықтан оқыту арқылы түрлі оқыту технологиялары

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 18 беті

пайдаланылуы мүмкін. Әр оқу жылының соңында тиісті бағдарлама модулін жүзеге асыратын әріптес ЖЖОКБҰ білім алушыға транскрипт береді.

Оқыту аяқталған және бағдарламаның әрқайсысы бойынша барлық талаптар орындалған соң, білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және уағдаластық негізінде екі транскрипт немесе бір біріккен диплом беріледі (Б қосымшасы).

ONTUSTIK-KAZAKHSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 19 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Оқу-әдістемелік орталық басшысы	Б.З.Долтаева	24.02.2025	

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов	20.03.2025	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев	26.03.2025	

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М.У.Анартаева	27.03.2025	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 20 беті

А ҚОСЫМШАСЫ

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес бағалаудың әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Оқу-әдістемелік орталық		Е 466-2025
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже		2-ші басылым 21 беттің 21 беті

Б ҚОСЫМШАСЫ

Басшылыққа арналған бағалауды бөлу кестесі

ЖЖОКБҰ қолданылатын бағалар (барынша жоғары бағалаудан ең төменгі бағалауға дейінгі оң бағалау	Референттік топқа қойылатын оң бағалардың саны	Оң бағалардың жалпы санына қатысты әрбір бағаның пайызы	Оң бағалардың жиынтық пайызы
10	50	5%	5%
9	100	10%	15%
8	350	35%	50%
7	300	30%	80%
6	200	20%	100%
Қорытынды	1000	100%	-